

Ер есімі мәңгі ұмытылмайды

Ауданымызда ұлағатты ұстаз Балта Сабырұлын еске алуға арналған кеш өтті

Болашақта ел тізгінін ұстайтын жастар қауымы мен өскелең ұрпақ өз заманында артынан өшпес із қалдырған ұлы зиялы қауым өкілдерін әрдайым жадында ұстап, ұмытпауы керек.

Сондай-бір мақсатпен, ауданымыздағы өнер мектебінде ұлағатты ұстаз, әрі осы мектептің негізін қалаушы Балта Сабырұлын еске алу кеші өтті.

Жиынға Сабыров Балта Сабырұлының әріптестері мен замандастары жиналып, сол кісінің өмірі мен еңбек жолынан қилы заманның сырлары шертілді. Ұйымдастырылған шара бір минут үнсіздікпен басталып, кейіннен Балта Сабырұлы жайлы бейне көрініс көрсетіліп, жиылған жұртшылықтың көзіне жас ұялатты.

Балта Сабырұлының шәкірті, әрі әріптесі қазіргі таңдағы өнер мектебінің басшысы Ирина Егоркина ұстазын ерекше әсермен еске алды

- Шараны ұйымдастыру барысында Балта Сабырұлының



Балта Сабырұлының көзін көрген әріптестері мен замандастары

балалары, әріптестері және жора-жолдастарымен хабарласып, көптеген ақпараттар жинап, біраз естеліктердің куәсі болдық. Мен 5 жылдай уақыт ұстазымыздың шәкірті әрі қызындай болдым. Менің өнер жолына аяқ басуыма үлкен септігін тигізген жанның бірі Балта Сабырұлы. Өнерге деген ізденісім мен құлшынысым ұстазымның бойыма сіңірген тәлім-тәрбиесінен деп білемін. Еске алу кешіне жиналған қауым-

ның барлығы дерлік Балта Сабырұлының көзін көрген, бірге жұмыс атқарған әріптестері мен замандастары, - деді мектеп басшысы Ирина Егоркина.

Еске алу кешіне Балта Сабырұлының жақын туысы Батырхан Күрпасов пен әріптестері Есенғали Нұрахметов, Владимир Леонов, Мұрат Тұраұлов, Геннадий Богарский шақырылып, өз естеліктермен бөлісті.

- Балта Сабырұлы на-

ғыз үлгі аларлық жан еді. Оның адамгершілігі мен жауапкершілігіне сөз жоқ болатын. Әнді де әуендетіп, көптеген музыкалық аспаптардың құлағында ойнайтын. Асқар тау әке, керемет жолдас бола білді. Жұбайы Зейнеп Бексұтанқызымен бірге 2 қыз, 1 ұлды тәрбиелеп өсірді. Балалары қазіргі таңда өмірден өз орындарын тапқан, бір-бір шаңырақтың иесі. Бірі әкенің бірі ананың жолын қуған азамат-азамат-

шалар. Балта біздің мәңгі жадымызда, жүрегімізде. Ол аудан тұрғындарының барлығына дерлік жаны ашып, қолынан келген көмекті аямайтын. Балтаның көзін көрген жандар әлі күнге дейін ауыздарынан тастамай, марқайып-мақтанып айтып жүреді, - дейді Батырхан Ибрайұлы.

Кейіпкеріміздің қызы Жанна Сабыровтар әулетінің атынан «Әкеміздің жолы» атты жантебірентер хат жол-

дап, шараны ұйымдастырушы жандар мен мектеп әкімшілігіне өз алғысын білдірді.

- Әкеміздің еске алу кешін ұйымдастырған Боровской өнер мектебінің әкімшілігі мен ұстаздар қауымына, кішкентай өнерпаздар мен жерлестерімізге үлкен алғысымызды білдіреміз. Әкем бар ғұмырын ұстаздық пен еңбек жолына арнаған жан. Өнер мектебінің негізін қалап, педагогика саласына өзінің үлесін қосқан жандардың бірі. Бүгінгі кеш біздің әулет үшін үлкен мақтаныш. Әкеміздің атын өшірмей, әрдайым еске алып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келе жатқан мектеп ұжымына алғысымды білдіремін, - деген ризашылығын білдірді қызы Жанна.

Бүгінде өнерге жақын бүлдіршіндер тәрбиеленген өнер мектебінің шәкірттері мен ұстаздар қауымы еске алу кешін ұлы ұстазға арнады. Бұл күнде кешегі күнге көз жүгіртіліп, өнерге қанат бітірген Балта ағайымыздың еңбек жолы мен өнері жайлы сыр шертілді. Кешегіні ұлықтайтын, жақсыны ұмытпайтын ізбасарлары бұл кешті Балта Сабыровтың рухына арнады.

Ақжан БАЙТҮРСЫНОВА